По настоящему неподдельный восторг и радостные улыбки как детей так и взрослых вызвали театрализованные утренники. На них организаторы праздника в Таукенте подарили всем детям различные сладости, а отличившимся в творческих и спортивных конкурсах были вручены грамоты и ценные памятные подарки.

Позднее, под неумолкающий гомон детских голосов и веселых песен автобус с ребятишками взял курс на Шымкент. Там ребят ждало посещение зоопарка и веселое цирковое представление. Некоторые из них впервые увидели диких животных Африки.


«Жираф оказывается намного выше, чем я его себе представляла! А оленей можно было покормить с

рук и они совсем не боятся людей», - поделилась впечатлениями Карим Айша. Тогда как Асанкызы Нурила с восторгом рассказал нам о канатоходцах под куполом цирка и зажигательном выступлении эквилибристов на лошадях. «Наверное, нужно быть очень храбрым, чтобы так высоко забраться под крышу цирка и на такой высоте выполнять такие сложные трюки!»

И конечно, какой же праздник без сладостей! Жительница поселка Кыземшек Гулзира Жуманова подарила 90 малышам набор из свежих фруктов и другие подарки, а известный предприниматель Алмас Аргынбайулы, из поселка Шиели, преподнес детям 200 штук мороженого.

Можно сказать, что праздник в честь Дня защиты детей в уранодобывающих поселках Казатомпрома прошел замечательно и самое главное – подарил радость ребятишкам.

*Магripa Сабденова,
Максут Ибрашев,
Казатомпром-Демеу*

The background is a light blue grid with a perspective effect. Overlaid on this are numerous 3D blue squares of varying sizes and orientations, creating a sense of depth and movement. The squares are arranged in a way that suggests a crystalline or atomic structure.

АТОМ САЛАСЫНА
ЕҢБЕК СІҢІРГЕН
ҚЫЗМЕТКЕР

HONORARY
WORKER OF
NUCLEAR SPHERE

ЗАСЛУЖЕННЫЙ
РАБОТНИК
АТОМНОЙ ОТРАСЛИ



ОСЫНДАЙ ЖЕТЕКШІ ӘРІ ҰСТАЗ БАР

Евгений Филатович Иванин өзінің мамандығына бүкіл өмірін арнаған адамдардың қатарына жатады. Сол соғыстан кейінгі уақытта, жоғары оқу орнына түсіп, мамандықты таңдау кезі келгенде, ұзақ ойлаулардан кейін Калинин атындағы Мәскеу түрлітүсті металлдар институты таңдалған еді. Есептеу оңай болды. Осы ЖОО түсе жасөспірім өзін тек жатақханада орынмен қамтамасыз етіп қана

қоймай, сол кездегі құндылықтар бойынша жақсы шәкіртақыға да ие болар еді. Евгений Филатовичтің айтуынша, дегенмен ең басты уәждеме әлеуметтік факторлар болды: ақша жетіспеушілігі, азық-түлік және қолданыс заттарының дефициті. Мақсат тек өзін қамтамасыз ету емес, жанұясына қандайда бір көмек көрсету болды. Оның үстіне жасөспірім Брянщинада қарапайым колхозшы жанұясында туылған еді.

1953 жылы институтқа түсіп, екі жыл жалпы мамандық бойынша білім алды, 1955 жылдан кейін тар шеңберлі мамандық – уран бойынша қосымша оқу жылы қосылды. «Сол кездің өзінде біз АҚШ-да, Канадада, Австралияда және Қазақстанда, Тәжікстанда, Өзбекстанда, Қызылордада және Оңтүстік Африкадағы уран қорының мөлшері жайлы, АҚШ патенттеген Оңтүстік Дакота, Вайоминг штаттарында, Колорадо үстіртіндегі карнотит рудаларын жерасты сілтісіздендіру әдісі жайлы білдік. Институтты бітірген соң мен өзімнің кейбір курстастарымды Қазақстанға келуге үгіттедім. Сол кезде еліміздегі уран қоры енді ғана дәлелденіп жатқан еді, біз бәрін басынан бастап, жұмысымыздың жемісін көргіміз келді. Нәтижесінде мақсатымызға жеттік қой, осы күнге дейін жетпегендері өкінішті...», - деп есіне алды ол.

Оқу жылдары артта қалды. Кешегі студент өзінің еңбек қызметін Орта машина жасау министрлігінің «Волков экспедициясы» № 21 геологиялық-барлау партиясында бастайды. Осы ұйымда жеті жылдан астам қызмет ете отырып, Евгений Филатович жерасты жұмыстары шеберінен геологиялық-барлау партиясының бастығына дейін көтерілді. Ол жұмыстың барлық учаскелерінде істі үлкен жауапкершілік пен еңбекқорлықпен бастады. Бастаған ісін әрдайым аяқтады. Уран саласындағы 56 жыл еңбек қызметі барысында, Евгений Филатович ең айрықша белгілермен марапатталды, соның ішінде Кеңес Одағы сыйлары, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған медаль, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Құрмет орденімен марапатталды.

Қазір Евгений Филатович – «Қызылқұм» ЖШС өндіріс мәселелері бойынша директор кеңесшісі. Ондағы ұжым жас, бірақ белсенді әрі мақсатты. Оның бастауымен жұмыс істеу, оның батыл ойларын жұмыста пайдалану арқасында компания өндірістік тұрғыдан жетістіктерге жетті. Өйткені, тәжірибелі өндірісші бола тұра, Евгений Филатович өте тамаша ұстаз, ол жастарға кез-келген ойды оңай әрі қызықты жеткізе біледі. Мысалы, ерітінді жер қатпарында қалай қозғалады, уран күкірт қышқылымен жақындағанда не болады және т.б. Оның іске білікті қатынасының арқасында уран саласында көптеген жұлдызшалар жанды. «Иваниннің» оқушысы болғандығын көптеген адам мақтан тұтады. Ол оқушыларын істі сүюге және құрметпен қарауға үйретті. Ол әрдайым болашақты болжай біледі. Ұрпаққа жақсы және сапалы жұмысты қалдырғысы келеді. Евгений Филатович – ұстаз, қатал және әділ жетекші. Ол тек өндірістік тұрғыдан ғана дана ақыл-кеңес беріп қоймай, әріптестермен қалай қарым-қатынасу, қарамағындағы қызметкерлермен өзіңді қалай ұстау керек, олардан жұмысты қалай талап ету

керек, қалай мақтау керек, кінәлілерді қалай жазалау қажет және шаршағандарды қалай жігерлендіру керек жайлы жақсы кеңес бере алады.

Евгений Филатовичтің риза оқушыларының бірі – Әлия Ақжолова, «Қызылқұм» ЖШС бас геологы. Ол:

— Иванинмен 2008 жылы таныстым. Университетті бітіргеннен кейін бізді бірден сұхбаттасуға жіберді. Евгений Филатович сол кезде осы компанияның бас инженері еді. Сұхбатты әркіммен жеке, 2-2,5 сағаттан жүргізді. Сұхбат барысында көптеген тақырыпта әңгімелестік. Ата-анам, ағаларым, әпке-сіңілілерім жайлы, оқу жылдары жайлы, пәндер және т.б. жайлы. Менің қызметім осылай басталды. Кеніште жұмыс істей отырып, біз сирек кездестік. Ол сирек келетін, бірақ оның келуіне бүкіл кеніш дайындалатын. Қуанғаннан көрі көбірек қорыққан шығармыз. Оның сынынан қорқатынбыз. Оның айтуынша біз ол кезде «жасыл қияр» едік, біз оның көңілінен шығуға, тілектерін ақтауға тырыстық. 2010 жылы оның жетекшілігімен біз бір сынақты бастадық. Евгений Филатович сол кезде жақсы нәтиже алып, оған қалай қуана қоңырау шалғандығымызды әлі күнге дейін есіне алады. Ол бізге бірнәрсені түсіндіргенде, әрдайым сұлбалар сызатын, формулалар жазатын. Әңгіме соңында сол қағазға таласатынбыз. Бізге сол форматы А4 қағазда сақтап қою керек құпия формула бар көрінетін. Айтпақшы, сол қағаздарды біз әлі күнге дейін сақтап жүрміз...

Бірде менің тапсырмаларымды жұмысшылар дұрыс орындамағандығына ренжіп, шаршап келдім оған. «Не болды?» деген сұрағына «Оларға қайталаудан, оларды үйретуден шаршадым!» дедім. Ол күліп: «Мен осы саған қайталаудан, сені үйретуден шаршамаймын ғой, дегенмен бұл оңай емес» деді. Сонда мен өзімнің қарамағымдағыларға деген шыдамсыздығымды түсіндім. Евгений Филатович мені жылдар бойы шыдамдылықпен оқытып келеді, мен түсінгенге дейін күннен-күнге шаршамай қайталап келеді. Тек оның арқасында мен маман ретінде қалыптасып келемін: менің жетекші ретіндегі бірінші қадамдарым, бірінші баяндама, жобаның бірінші қорғалуы...Евгений Филатович мені осы уақыттың бәрінде, жас баладай, қолымнан жетектеп келеді. Әрдайым жылы сөзбен жігерлендіріп келеді. Менің оған алғысым шексіз: оның жылулығына, демеуіне, менімен бөліскен біліміне. Әрдайым мақтанышпен мен – Иванин Евгений Филатовичтің оқушысымын деп айта аламын.

Менің өмірімде осындай жетекші мен ұстаз барлығына рахмет!»

**Тоғжан Сейфуллина,
ҚЯҚ**

ЕСТЬ ТАКОЙ РУКОВОДИТЕЛЬ И НАСТАВНИК

Евгений Филатович Иванин принадлежит к категории людей, которые посвятили своей профессии едва ли не всю свою жизнь. Тогда, в послевоенное время, когда пришло время поступать в учебное заведение и выбирать профессию, после долгих раздумий, выбор пал на Московский институт цветных металлов и золота

им. Калинина. Расчет был прост. Поступая в этот ВУЗ юноша обеспечивал себе не только место в общестии, но и приличную по тем меркам стипендию. Как вспоминает сам Евгений Филатович, главной мотивацией все - таки явились социальные факторы: нехватка денег, дефицит продуктов питания и предметов пользования. Тогдашней целью было не столько желание обес-

печить себя, но и как-то помочь домочадцам. Тем более что, родился парень в самой обычной семье колхозника на Брянщине.

Поступив в 1953 году в институт, два года он отучился по общей специальности, и только после 1955 года добавилась узкая специализация – уран, и дополнительный год обучения. «Уже тогда мы знали, какие запасы существуют в

США, Канаде, Австралии и Казахстане, Таджикистане, Узбекистане, Киргизстане и Южной Африке и о способах подземного выщелачивания карботитовых руд в штатах Южная Дакота, Вайоминг, на плато Колорадо, запатентованных в США. После окончания института я уговорил некоторых своих сокурсников приехать в Казахстан. Ведь тогда только-только подтверждались запасы урана у нас в стране. Мы и хотели начать с нуля и в результате увидеть плоды наших усилий. В итоге так и получилось, жаль только что не все смогли дожить до сегодняшнего дня...», - вспоминает он.

И вот позади годы учебы. Вчерашний студент начинает свою первую трудовую деятельность в геолого-разведочной партии № 21 «Волковской экспедиции» Министерства среднего машиностроения. За семь с лишним лет в этой организации Евгений Филатович прошел путь от мастера участка подземных работ до начальника геолого-разведочной партии. На какой бы участок работы его не ставили, всегда подходил к делу с большой ответственностью и трудолюбием. Всегда доводил начатое до конца. За 56 лет стажа трудовой деятельности в урановой отрасли, Евгения Филатовича Иванина не раз награждали самыми почетными знаками, в их числе, награды Советского Союза, медаль, прирученная к 10-летию Независимости Республики Казахстан, медаль «Ерен еңбегі үшін», а также орден «Құрмет».

Сейчас Евгений Филатович - советник директора по производственным вопросам в ТОО «Кызылжум». Коллектив там молодой, но активный и главное - целеустремленный. Работая под его началом, применяя в работе его смелые замыслы и идеи, в компании началось процветание в производственном плане. Потому что, будучи не только опытным производственником, но и педагогом «от Бога», Евгений Филатович умеет легко и увлекательно донести до

молодежи любую мысль! К примеру, как растворы двигаются в пласте, что происходит с ураном когда «к нему подходит серная кислота» и т.д. Благодаря его профессионализму в работе — зажглось немало звездочек в урановой отрасли. Очень многие гордятся тем, что были учениками «самого Иванина». Как никто другой, он сумел привить своим ученикам любовь и уважение к делу. Он всегда видит на много лет вперед, зрит в далекое будущее. Желает оставить потомкам хорошую и качественную работу, за которую не будет стыдно. Евгений Филатович - строгий и справедливый руководитель, но в первую очередь он Наставник с большой буквы, который учит не только производственным мудростям. Он всегда может дать дельный совет, как общаться с коллегами, как вести себя с подчиненными, как требовать от них работу, как поощрять работников, как наказывать провинившихся и как подбодрить уставших. В силу своей молодости и характера не все понимают его наставления вовремя, а по прошествии какого-то времени наступает озарение - «Так вот что он хотел донести до нас!».

Одной из таких благодарных учениц Евгения Филатовича является Алия Акжолова, главный геолог ТОО «Кызылжум». Из ее воспоминаний:

— С Иваниным судьба меня свела в 2008 году. Сразу после окончания университета нас отправили на собеседование. Евгений Филатович тогда работал в этой компании главным инженером. Беседу проводил с каждым лично, по 2-2,5 часа. Говорили обо всем. Расспрашивал о родителях, братьях, страхе, об учебе, о дисциплинах и т.д. Так началась моя работа. Работая на руднике, мы не так часто с ним виделись. Приезжал он редко, но к его приезду готовились всем рудником. Больше боялись наверно, чем радовались. Боялись услышать критику, потому как от его зоркого глаза ничего невозможно

было утаить. Как сам он любил говорить, мы тогда были «зелеными огурчиками, еще с пупырышками», и нам хотелось оправдать его ожидания, хотелось услышать похвалу за свою работу. Однажды в 2010 году под его чутким руководством мы начали работать над одним опытом. Так Евгений Филатович до сих пор вспоминает, как наши глаза загорелись, когда результаты превзошли все наши ожидания, и как мы ему звонили, сообщая эти результаты. Когда он нас учил чему-то, то всегда рисовал какие-то схемы, расписывал формулы. В конце беседы каждый из нас старался урвать себе этот клочок бумаги. Нам казалось, что на этой бумаге формата А4 написана тайная формула, которую необходимо сохранить. Кстати эти записки до сих пор хранятся у каждого, кто успел оставить себе на память ...

Помню, как-то зашла к нему, уставшая и расстроенная тем, что мои задания работники не выполнили правильно. На его вопрос: «Что случилось?», сказала, что «Устала им повторять и учить их!». Он улыбнулся и ответил: «Но я же не устаю повторять тебе и учить тебя, хотя это не очень-то и легко». Мне стало стыдно за мою нетерпимость по отношению к моим подчиненным, тогда как Евгений Филатович годами терпеливо учит меня изо дня в день, и не устает повторять урок до тех пор, пока я не пойму. Только с его помощью и происходит мое становление как специалиста: первые мои шаги как руководителя, первый доклад, первая презентация, первая защита проекта... И каждый раз Евгений Филатович вел меня за руку, как ребенка. И каждый раз подбадривал меня теплыми словами. Моя благодарность ему безгранична: за его тепло, за его поддержку, за те знания, которыми он поделился со мной. С гордостью всегда говорю, что я - ученица Иванина Евгения Филатовича.

Спасибо, что в моей жизни есть такой руководитель и такой Наставник!»

Тогжан Сейфуллина,
ЯОК

THERE IS SUCH A LEADER AND TEACHER

Yevgeny Filatovich Ivanin belongs to those people who have dedicated almost their entire lives to their professions. At that time after the war, when it came time to go to the educational institution and choose a profession, after much thought the final choice was made in favor of the M.I. Kalinin «Moscow Institute for Nonferrous Metals and Gold». The reckoning was simple. By entering this university he provided not only a place in student dormitory but also good maintenance allowance by that-days-standards. As Yevgeny Filatovich recalls that

choice was made in favor of the M.I. Kalinin «Moscow Institute for Nonferrous Metals and Gold». The reckoning was simple. By entering this university he provided not only a place in student dormitory but also good maintenance allowance by that-days-standards. As Yevgeny Filatovich recalls that

social factors as lack of money and food are mainly motivated them that time. The objective was not only to secure himself financially but also do something to help his family members. Especially that the guy was born in an ordinary family of the collective farmer in Bryansk.



Enrolling in 1953 he received general education for two years and only after 1955 special course in uranium was added that resulted in extra year of study. «Even then we knew what stocks owned to the United States, Canada, Australia and Kazakhstan, Tajikistan, Uzbekistan, Kyrgyzstan and South Africa and how they use ISL to drill-in carnotite ore in the states of South Dakota, Wyoming on the Colorado Plateau patented by the USA. After being graduated I persuaded some of my fellow students to come to Kazakhstan. That time indeed uranium reserves were only just confirmed in our country, so we wanted to start from scratch, and as a result to see the fruit of our efforts. So today it happened as we thought but what's shame that not all were able to survive to the present day ...» - he recalls.

Now the years of study are behind us. Former student starts his first career in prospecting party No. 21 of Volkov expedition of the Ministry of Medium Machine Building. For more than seven years of his working activity Yevgeny Filatovich has held the positions from underground mining foreman to chief of prospecting party. Regardless the work he did he was always great responsible and hardworking and brought everything to the end. Over 56 years of working experience in uranium industry Yevgeny Filatovich repeatedly awarded the most honorable signs including the award of the Soviet Union, medal to 10 years of Independence of the Republic of Kazakhstan, medal Eren enbegi ushin as well as the Order of Kurmet.

Now Yevgeny Filatovich is an Advisor to the Director for Production Issues in «Kyzylkum» LLP. The staff there is young but active and most important goal-oriented. Working under his command, applying his daring ideas the Partnership starts being prosperous. Because, being not only an

experienced production worker and teacher «from God» Yevgeny Filatovich knows how easy and fun to bring to young people any ideas! For example, as solutions are moving in a formation, what happens with uranium when coming to sulfuric acid, etc. Thanks to his professional attitude he struck a spark out of lots professionals in uranium industry. Many people are proud that they were disciples of the very Ivanin. Like no other he has managed to instill in his students the love and respect to the case that they live and breathe. He always sees the years ahead, sees in the distant future. He has a desire to keep for his descendants good and quality work not to be ashamed. Yevgeny Filatovich is a strict and fair leader but first and foremost he is a great coach who teaches not only engineering letters. He can always give a piece of good advice on how to communicate with colleagues, how to behave with their subordinates as to require them to work, how to encourage employees how to punish the guilty, and how to encourage the tired. Because of their youth and character not everyone understands his instructions on time and after a while there comes a revelation – «So that's what he wanted to bring to us!»

Alia Akzholova, Chief Geologist of «Kyzylkum» LLP is one of his grateful pupils. Here's what she recalls:

— My fate brought me with Ivanin in 2008. Just after being graduated we were sent to the interview. Eugene Filatovich worked in that company as a chief engineer. Everyone was interviewed separately for 2-2.5 hours. We talked about everything. I was asked about my parents, brothers, sisters, about the years of study and discipline, etc. Thus my work began. While working at the mine, we did not often see him. He rarely visited us but everyone prepared for his arrival. Perhaps we were

more afraid rather than happy to see him. We were scared of hearing criticism because nothing could hire of his keen eyes. As he liked to say, we were then green cucumbers still with pimples and we would meet his expectations, hear praise for our work. One day in 2010, under his guidance, we began work on one experience. So, Yevgeny Filatovich still remembers how our eyes lit up when the results exceeded our expectations, and we called him reporting the results. When he taught us something he always drew some diagrams and wrote formulas. At the end, each of us tried to grab ourselves that piece of paper. We thought that this A4 paper contained a top-secret formula that must be preserved. By the way, these notes are still kept by everyone who has managed to pick them up ...

I remember once I went to him, tired and upset that the workers do not implement my orders properly. When he asked, what happened? I answered that I'm tired to repeat them and to teach them! He smiled and replied: «But I keep telling you and teach you, although it is not very easily». I felt ashamed of my intolerance towards my subordinates while Yevgeny Filatovich is patiently teaching me every day from year to year and he is never tired of repeating a lesson as long as I understand it. Only with his support I became a specialist: there are my first steps as a leader, the first report, the first presentation, the first defense of the project ...

And every time Yevgeny Filatovich led me by the hand like a child. And every time he encouraged me with warm word. My gratitude to him is boundless: for his warmth, his support for the knowledge that he shared with me. I'm always proud to say that Yevgeny Filatovich Ivanin is my teacher!

Thanks for having such a leader and a mentor in my life!

Togzhan Seifullina,
NSK

АҚЫЛМАНДАР
САРАБЫ

BRAIN
STORM

МОЗГОВОЙ
ШТУРМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ УРАН КЕН ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЖҚЖ ТИІМДІЛІГІ: СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАРАМҰРЫН КЕН ОРЫНДАРЫ

Байназаров Б.Р.¹, Шарф И.В.¹, Третьяков С.Ю.²

1. ФГАОУ ВО «НИ ТПУ» Томск, Ресей Федерациясы,
2. «РУ-6» ЖШС, Шиели а., Қазақстан

Қазақстан Республикасындағы Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын (бұдан әрі – Қарамұрын) кен орындарын пайдаланудың 30 жылдық тарихы бар, қазіргі таңда кен орындарының өңделгендігі 63 % астам. Уранның ең өнімді кендері аршылған, жыл сайын өнімділігі аз, уран кенінің морфологиясы күрделі блоктар және құрамында карбонат мөлшері 1% астам кенге жанас жыныстар блоктарының үлесі көбейіп келеді. Игеруге кен орнының шет жақтарында орналасқан, өңделуі қиын блоктар қалды.

Пайдалану барысында аршылатын блоктардың өнімділігі 8 кг/м²-ден 1,8 ...3,2 кг/м² дейін төмендеді. 2013 жылы аршылатын және өндіруге қосылатын блоктардың орташа өнімділігі 3,4 кг/м² құрады. Нәтижесінде өнімдік ерітіндідегі (ӨЕ) уран мөлшерінің азаюы байқалады. 2013 жылы 1000 т уран өндіруде ӨЕ-гі уранның орташа жылдық мөлшері 40,4 мг/л құрады, бұл 40,9 мг/л жоспарлы көрсеткішінен төмен.

Қарамұрын кен орнында уран өндіру жерасты ұңғымалық сілтісіздендіру әдісімен жүзеге асырылады, әдіс мынадай өндірістік-геологиялық факторлар әсерінен қиындайды:

- уранды 500-700 м тереңдіктен өндіру;
- жерасты суларының деңгейі – 10-15 м;
- кен қабатында шаң тәріздес күйге айналатын ұсақ түйіршікті құмның болуы;
- аралық, үзік су өткізбейтін қабаттардың болуы;
- құрамында карбонат мөлшері 1,8 % дейін кенге жанас жыныстар блоктарының болуы (кен орны бойынша карбонаттардың орташа мөлшері 0,5%);
- кен денелерінің тұрақсыздығы.

Бұдан басқа, уран өндіру ұңғымаларын пайдалану өнімдік ерітіндіні алу қарқынын және кен қабаттарына сілтісіздендіруші ерітінділерді айдауды қиындататын бірқатар факторлармен ұштасады. Осындай факторлардың бірі – фильтрге жақын аймақтың және сору ұңғымасы фильтрінің химиялық және механикалық кольматациясының әсері. Осының бәрі пайдаланылатын ұңғымалар паркінің ұлғаюына және ағымдағы пайдалану шығындарының өсуіне алып келеді, нәтижесінде 1 кг уранның өзіндік бағасы жоғарылайды.

Уранды жерасты ұңғымалық сілтісіздендіру әдісімен өндірудегі жоғарыда аталған мәселелерді шешу мақсатында ұңғыма фильтріндегі және фильтрге жақын аймағындағы кольматацияны жою үшін сору және айдау ұңғымаларының жөндеу-қалпын келтіру жұмыстары (ЖҚЖ) жүргізіледі.

ЖҚЖ барлық түрлерін әсер ету сипаты бойынша шартты түрде механикалық, химиялық және құрама деп бөлуге болады. Механикалық әсерлі ЖҚЖ-на 15А-15В және ҰИЖМҚ қондырғылары арқылы жүргізілетін ЖҚЖ жатады. Химиялық ЖҚЖ-на ұңғыма фильтрін және фильтрге жақын аймағын реагенттік өңдеу жатады.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты ұңғыманың қиын аймағына әртүрлі әсер ететін ЖҚЖ түрлерінің экономикалық тиімділігін салыстыру болып табылады.

Механикалық әсер ететін ЖҚЖ

Өздігінен жүретін бұрғылау қондырғысы (15А-15В) басқа өнімділікті қалпына келтіру әдістері қажетті нәтиже бермеген жағдайларда ЖҚЖ жүргізу үшін қолданылады.

Бұрғылау агрегаттарының техникалық жабдықтары өнімділікті қалпына келтірудің келесі әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді [6]:

- фильтр бағанасынан және тұндырғыштан құм тығындарын шаю;
- ұңғыма фильтрін реагенттік өңдеу;
- «піспектеу» әдісімен кольматантты гидродинамикалық бұзу;
- фильтр бағанасын жөндеу (ауыстыру);
- ұңғыма ұңғысынан оның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін өзге объектілерді алып тастау.

Ұңғымаларды игеру жылжымалы модульдік қондырғысы (ҰИЖМҚ) 15А-15В балама ретінде ұңғыманың

фильтрлік бөлігін құм тығындарынан шаю үшін қолданылады [7]. Бұл қондырғы Қарамұрын кен орнында 2011 жылдан бастап қолданылады және фильтр бағанасын және ұңғыма тұндырғышын құм тығындардан шаю шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік берді. Бұл факт ҰИЖМҚ қондырғысын іске қосудан бергі экономикалық әсерді жалпы есептеудің негізі ретінде алынды.

Сору және айдау ұңғымаларында фильтрді шаю операциялары әр қондырғымен бірдей жүргізіледі.

Экономикалық әсерді есептеу

ҰИЖМҚ қондырғысымен бір ұңғыманы шаюдың есептік бағасы 30 080 тг. (№ 1 кесте), яғни 1 962 ұңғыманы өңдеудің жиынтық шығыны 59,0 млн. тг. (№ 1 кесте).

№ 1 кесте. ЖҚЖ түрлері бағасын есептеу

1 ұңғыма шығыны*	Өлшеу бірлігі	ҰИЖМҚ қондырғысымен өңдеу	Ұңғыманы шаю 15А-15В	Жылжымалы химиялық өңдеу	АБФ 0,5% HF химиялық өңдеу	Тұрақты химиялық өңдеу
	теңге	64717	127305	16 953	80724	13 993

*Бағаны есептеу ЖЖМ, операторлар жалақысы, салықтық төлемдер және қосымша техника жұмысын (ерітіндіні тасымалдаушы) ескере жасалды

№ 2 кесте. ҰИЖМҚ іске қосудан бергі өңдеулер саны

Ұңғыма түрлері	2011	2012	2013	2014	Барлығы
Сору ұңғымалары	219	39	110	148	516
Айдау ұңғымалары	458	290	435	263	144
Барлығы	677	329	545	411	1 962

15А-15В қондырғысымен бір ұңғыманы шаюдың есептік бағасы 127 305 тг (№ 1 кесте), яғни 1 962 ұңғыманы өңдеудің жиынтық шығыны 249,7 млн. тг. ҰИЖМҚ қондырғысымен 4 жыл ішінде шаюдың экономикалық әсері: 249,5 - 126,9 = 122,6 млн. тг.

Ұңғыма фильтріне химиялық әсер ететін ЖҚЖ

Ұңғыма фильтріне химиялық әсер ететін ЖҚЖ-на ұңғымаларды күкірт қышқылымен реагенттік өңдеу жатады.

Дәстүрлі химиялық өңдеу

Ұңғымаларды дәстүрлі химиялық өңдеу көлемі 8 м³ күкірт қышқылының 10 % ерітіндісін пайдалану арқылы жүргізіледі, ерітінді «КРАЗ 63-221» шассиінде орнатылған жылжымалы торап арқылы дайындалады және ұңғыма сағасына жеткізіледі. Бұл әдістің кемшілігі ұңғымаға құйылатын декольмациялаушы ерітінді көлемінің (8 м³) және бір ауысымда жүргізілетін операциялар санының (3-4 өңдеу) шектілігі. Құйылатын ерітіндінің шекті көлемі салыстырмалы түрде аз ұңғыма жөндеуаралық цикліне (ҰЖЦ) – 17 тәулік (№ 3 кесте) алып келеді.

№ 3 кесте. Ұңғыманы дәстүрлі химиялық өңдеу тиімділігі


№ р/с	Ұңғыма №	С (U), мг/л	РН	Өңдеуге дейінгі дебит, м ³ /сағ	Өңдеуден кейінгі дебит, м ³ /сағ	ҰЖЦ, тәулік
1	2-9-136	87	1,6	4,5	6,3	24
2	2-9-436	60	6,2	4,2	6,1	15
3	950186	32	1,6	3,7	6,1	33
4	2-9-55	94	4,3	4,1	6,1	36
...						
35	3-3116	108	2,2	3,5	5,8	12
36	3-5146	150	1,5	4	6,7	13
37	20904a	65	1,9	4,2	5,8	18
38	20805a	59	2,2	4,4	5,6	19
39	209046	79	2,7	4	5,2	14

40	208056	66	2,6	4,1	5,6	17
Орташа				3,8	5,6	17


Ұңғымаларды пайдалану коэффициентін ұлғайту және ЖҚЖ шығындарын оңтайландыру үшін декольматация-лаушы ерітінді құрамын өзгерту және оларды жіберу технологияларын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аммоний бифториді

Бірінші бағыт плавик қышқылын (HF) алу үшін және оны декольматант ретінде пайдалану үшін аммоний бифторид-фторидін (АБФ) (NH₄HF₂) қолдану. Мынадай химиялық реакция нәтижесінде АБФ қолдану арқылы пла-вик қышқылын алуға болады:



HF ерітінділерін дайындау үшін техникалық тұз қышқылы қажет, бұл жүргізілетін жұмыстардың қауіптілігін және ЖҚЖ жүргізу бағасын айтарлықтай көбейтеді. Мұнай өнеркәсібіндегі қалпына келтіру жұмыстарының негізінде тұз қышқылын күкірт қышқылымен ауыстыру ұсынылды, себебі бұл жағдайда минералды қышқыл ерітіндінің қышқылдығы үшін ғана қажет. Минералды қышқылды ауыстырғаннан кейін реакция мына түрде жүреді:



Плавик қышқылының ерітінділері химиялық өңдеу жылжымалы қондырғысының ыдыстарында жасалды, со-дан кейін ұңғымаға жеткізілді. ЖҚЖ жүргізу шығындарын оңтайландыру үшін ерітінділерде плавик қышқылының әртүрлі концентрациялары қолданылды. АБФ ұңғымаларда пайдалану тиімділігінің нәтижелері № 4 кестеде келтірілген.

№ 4 кесте. АБФ ерітінділерімен өңдеу тиімділігі

№ р/с	Ұңғыма №	С(U), мг/л	рН	Ерітінділердегі HF массалық үлесі, %	Өңдеуге дейінгі дебит, м³/сағ	Өңдеуден кейінгі дебит, м³/сағ	ҰЖЦ, тәулік
1	2-9-136	87	1,60	1,5	4,5	6,3	62
2	2-9-436	60	6,20		4,2	6,1	23
3	950186	32	1,60		3,7	6,1	96
4	20334	94	4,30		4,1	6,1	38
5	95063	73	4,00		4,2	5,4	79
6	17412	52	6,30		3,4	6	29
7	40788	48	4,90		3,9	6,1	62
8	2-9-17в	56	2,10		3,1	6,2	79
9	930146	41	4,00		4,5	6,1	55
10	44441	75	1,90		3,7	6	63
11	45902	94	5,80		3,9	5,7	41
12	2-9-23а	91	4,30		3,6	5,3	71
13	2-9-23в	86	3,80		3,5	5,3	38
14	44076	70	2,00		3,6	5,3	53
15	11203	85	2,00		3,3	5,2	37
Орташа					3,8	5,8	55
1	2-9-13а	29	2,30	1,0	2,9	5,7	81
2	2-9-136	32	2,30		3,1	6,6	88
3	930146	72	5,00		3,5	6,1	64
4	950606	65	3,90		3,2	3	29
5	209016	47	1,70		4,4	5,3	14
6	209076	30	1,90		4,5	6	12
7	2524026	110	4,90		4,4	5,5	24
8	209076	79	2,40		4,2	5,9	17

9	3-5136	300	1,70		3,4	5	74
10	3-5156	150	1,30		3,5	5,8	74
Орташа					3,7	5,5	48
1	20700	62	3,90	0,5	4,4	6,4	64
2	13760	40	2,60		3	4,8	32
3	2-9-17a	32	5,80		3,2	4,5	74
4	2-9-46	31	3,90		3,5	5,5	65
5	92002	30	5,60		3,8	4,3	79
6	93004	53	5,70		3	5,1	7
7	2507146	60	2,70		4,3	5,8	49
8	250711	65	2,30		4,3	5,5	32
9	3-513a	270	2,00		4,1	5,4	70
10	3-3116	108	2,20		3,5	5,8	65
11	3-5146	150	1,50		4	6,7	68
12	20904a	65	1,90		4,2	5,8	18
13	20805a	59	2,20		4,4	5,6	32
14	209046	79	2,70		4	5,2	5
15	208056	66	2,60		4,1	5,6	19
Орташа					3,9	5,5	45

№ 4 кестеден 1,5 % HF ерітіндісімен өңдеу кезінде ҰЖЦ 55 тәулікті құрайды, 1,0 % ерітіндімен өңдеуде – 48 тәулік және 0,5 % ерітіндімен өңдеуде – 45 тәулік екендігін көруге болады. Ерітіндіде HF концентрациясын екі есе азайту ұңғымалар ҰЖЦ тек 15 % азайтады. Осындай бақылаулар осы тақырып бойынша зерттеулерді жалғастыруға себеп болды. Яғни, АБФ пайдалану тиімділігі дәстүрлі химиялық өңдеумен салыстырғанда жоғары.

Осы әдістің жоғары тиімділігі гипс түзілімдерінің (CaSO₄ × 2 H₂O) еруіне байланысты, күкірт қышқылының ерітінділері гипс түзілімдерін ерітпейді.

АБФ пайдаланудың тағы бір әсері ЖҚЖ дәстүрлі түрлеріне ұңғымалардың әсер етуінің жоғарылауы, яғни АБФ бір рет қолданғаннан кейін ұңғымаларды күкірт қышқылымен дәстүрлі химиялық өңдеу жөндеуаралық циклі ұлғаяды. АБФ пайдалану, әсіресе, қиын жетімді аймақтарда қолайлы, себебі еспе өнім қаптарға қапталған және қарапайым жолмен сақталады және тасымалданады.

Декольматациялаушы ерітінділерді жіберудің тұрақты тораптары

Жұмыстардың екінші бағыты декольматациялаушы ерітінділермен ЖҚЖ саны мен сапасын жоғарылату үшін ӨЕАТТ (өнімді ерітінділерді айдау технологиялық торабы) жүйесінде ерітінділерді айдау ұңғымаларына дайындау және жіберу торабын дайындау және жасап шығару болды. Торап конструкциясында қажетті көлемдегі ерітінді құрамында күкірт қышқылының берілген концентрациясын жіберу қарастырылған.

Ұңғымаларға декольматациялаушы ерітінділерді жіберу ұңғыманы, бекіткіш жүйемен қарастырылған қысымда, ӨЕАТТ-ндағы ерітінді жіберу режиміне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады, бұндай жағдайда ұңғыма басы ауа өтпейтіндей жабылады және ерітінді ұңғыманың желілері арқылы жіберіледі.

Тұрақты химиялық өңдеу торабын пайдалану, автотехника мен адам ресурстарына қосымша шығынсыз, ұңғымаларға жіберілетін ерітінді көлемін ұлғайта отырып өңдеулер санын көбейтуге мүмкіндік береді. Деколь-матант жіберу көлемі ұңғыманың қабылдағыштығы мен ерітіндіні жіберу уақытымен ғана шектеледі, бұл ЖҚЖ жүргізудің ерекше тәсілін қажет ететін ұңғымаларда ЖҚЖ жүргізуде аса маңызды.

Химиялық өңдеу тұрақты торабымен ЖҚЖ жүргізгеннен кейінгі ұңғыма жұмысының көрсеткіштері № 5 кестеде келтірілген.

№ 5 кесте. Химиялық өңдеу тұрақты торабымен ЖҚЖ жүргізгеннен кейінгі ұңғыма жұмысының көрсеткіштері

№ р/с	Ұңғыма №	С (U), мг/л	рН	Өңдеуге дейінгі дебит, м³/сағ	Өңдеуден кейінгі де-бит, м³/сағ	ҰЖЦ, тәулік
1	2-9-45а	27	4,28	3,2	4,6	26
2	2-9-37	34	4,05	3,0	5,2	23
3	2-9-46	30	4,52	4,1	5,3	24
4	2-9-55	54	1,95	3,2	4,7	27

5	2-9-22	26	1,76	2,8	4,5	12
6	2-9-35бис	42	5,84	4,0	5,2	22
....						
33	209236	40	1,87	2,9	5,5	23
34	209226	56	2,02	3,4	5,8	35
35	212626	23	1,53	3,5	6	35
36	211366	85	1,93	3,7	5,4	15
37	213426	180	1,76	3,2	5,8	36
Орташа				3,3	5,4	24

№ 5 кестеден ұңғыма ҰЖЦ 24 тәулік екендігін байқауға болады, бұл дәстүрлі химиялық өңдеумен салыстырғанда 7 тәулікке артық.

Экономикалық әсерді есептеу

2014 жыл қорытындысы бойынша Қарамұрын кенішінде 1 000 тонна уран өндіру жоспарын орындау үшін тәулігіне 584 сору ұңғымалары сору режимінде болды.

Дәстүрлі химиялық өңдеу

Дәстүрлі химиялық өңдеуден кейінгі ұңғымалардың орташа жұмыс істеу ұзақтығы (ҰЖЦ) – 17 тәулік, яғни 17 тәулік жұмыс істегеннен кейін өнімділікті қалпына келтіру үшін ұңғымада 2 күн ішінде ЖҚЖ жүргізіледі. Яғни жыл ішінде ұңғыманы пайдалану коэффициенті мынаған тең:

$$17 \text{ тәулік} / (17 \text{ тәулік} + 2 \text{ тәулік}) \times 100 \% = 90 \% [5]$$

584 сору ұңғымаларының күнделікті үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бір мезгілде:

$$584 \text{ ұңғ} \times (100 \% - 90 \%) / 90 \% = 65 \text{ ұңғыма} [5]$$

ұңғымада ЖҚЖ жүргізу қажет.

Бір жыл ішінде дәстүрлі әдіспен жүргізілетін сору ұңғымаларының ЖҚЖ қажетті саны:
 $65 \text{ ұңғ} / 2 \text{ тәулік} \times 365 \text{ тәулік} = 11 \ 862 \text{ өңдеу} [5]$

Бір дәстүрлі химиялық өңдеу жүргізудің есептік бағасы 16 953 теңге (№1 кесте). Дәстүрлі әдіспен ЖҚЖ жүргізудің жалпы шығыны:

$$11 \ 862 \text{ өңд.} \times 16 \ 953 \text{ теңге} = 201 \ 096 \ 486 \text{ теңге}$$

АБФ химиялық өңдеу

АБФ 0,5 % HF ерітінділерімен химиялық өңдеуден кейінгі ұңғыма жұмыс істеу орташа ұзақтығы 45 тәулік (№ 2 кесте), яғни 45 тәулік жұмыс істегеннен кейін өнімділікті қалпына келтіру үшін ұңғымада 2 күн ішінде ЖҚЖ жүргізіледі. Яғни жыл ішінде ұңғыманы пайдалану коэффициенті мынаған тең:

$$45 \text{ тәулік} / (45 \text{ тәулік} + 2 \text{ тәулік}) \times 100 \% = 95,7 \% [5]$$

584 сору ұңғымаларының күнделікті үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бір мезгілде:

$$584 \text{ ұңғ} \times (100 \% - 95,7 \%) / 95,7 \% = 26 \text{ ұңғыма} [5]$$

ұңғымада ЖҚЖ жүргізу қажет.

Бір жыл ішінде дәстүрлі әдіспен жүргізілетін сору ұңғымаларының ЖҚЖ қажетті саны:

$$26 \text{ ұңғ} / 2 \text{ тәулік} \times 365 \text{ тәулік} = 4 \ 745 \text{ өңдеу} [5]$$

Бір АБФ химиялық өңдеу жүргізудің есептік бағасы 80 742 теңге (№1 кесте). АБФ ерітінділерімен ЖҚЖ жүргізудің жалпы шығыны:

$$4 \ 745 \text{ өңд.} \times 80 \ 742 \text{ теңге} = 383 \ 035 \ 380 \text{ теңге}$$

Ұңғымаларды химиялық өңдеудің тұрақты тораптары

Тұрақты химиялық өңдеуден кейінгі ұңғыма жұмыс істеу орташа ұзақтығы 24 тәулік (№ 4 кесте), яғни 24 тәулік жұмыс істегеннен кейін өнімділікті қалпына келтіру үшін ұңғымада 2 күн ішінде ЖҚЖ жүргізіледі. Яғни жыл ішінде ұңғыманы пайдалану коэффициенті мынаған тең:

$$24 \text{ тәулік} / (24 \text{ тәулік} + 2 \text{ тәулік}) \times 100 \% = 92,3 \% [5]$$

584 сору ұңғымаларының күнделікті үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бір мезгілде:

$$584 \text{ ұңғ} \times (100 \% - 92,3 \%) / 92,3 \% = 49 \text{ ұңғыма} [5]$$

ұңғымада ЖҚЖ жүргізу қажет.

Бір жыл ішінде дәстүрлі әдіспен жүргізілетін сору ұңғымаларының ЖҚЖ қажетті саны:

$$49 \text{ ұңғ} / 2 \text{ тәулік} \times 365 \text{ тәулік} = 8 \ 943 \text{ өңдеу} [5]$$

Бір тұрақты химиялық өңдеу жүргізудің есептік бағасы 13939 теңге (№ 2 кесте). Тұрақты тораппен химиялық өңдеу арқылы ЖҚЖ жүргізудің жалпы шығыны:

$$8 \ 943 \text{ өңд.} \times 13 \ 993 \text{ теңге} = 125 \ 139 \ 399 \text{ теңге}$$

ҚОРЫТЫНДЫ

ЖҚЖ шығындарының салыстырмалы сараптамасы бағасының жоғарылығына байланысты АБФ ерітінділерімен химиялық өңдеуді енгізудің тиімсіздігін көрсетті. Дегенмен, реагенттердің күкірт қышқылында ерімейтін кольматант тұндырмаларын (гипс түзілімдері) еріту қабілеті, осы әдісті күкірт қышқылы көмектеспейтін аса қиын ұңғымаларда пайдалануға мүмкіндік береді. Химиялық өңдеудің тұрақты тораптарын енгізу ЖҚЖ шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді және ұңғыма жұмыс істеу көрсеткіштерін жақсартады. Дәстүрлі химиялық өңдеу әдісімен салыстырғандағы экономикалық тиімділігі:

$$201 \ 096 \ 486 \text{ теңге} - 125 \ 139 \ 399 \text{ теңге} = 75 \ 659 \ 661 \text{ теңге}$$

ӘДЕБИЕТ

1. Аубакиров Х.Б., Берикболов Б.Р., Вершков А.Ф., Язиков В.Г. Урановые месторождения Казахстана. – Алматы: Білім, 2008. – 318 с.
2. Отчеты геологоразведочных работ и детальной разведки месторождений «Северный и Южный» Карамурун в период 1970-90 гг.
3. АО «НАК «Казатомпром» Интегрированный годовой отчет за 2013 год [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: <http://www.kazatomprom.kz/#!/reports> (дата обращения 18.12.2014).
4. Уран: геология, добыча, экономика. В.Л. Живов, А.В. Бойцов, М.В. Шумилин. М.:РИС «ВИМС», 2012.304 с.
5. Инструкция по учёту добычи урана по руднику «Карамурун». ГГО 06, 2012.
6. Регламент проведения РВР по восстановлению дебита технологических скважин с применением буровой установки. Р РУ-6 443-14. 2014
7. Регламент проведения РВР по восстановлению дебита технологических скважин с применением установки ПМУОС. Р РУ-6 449-14. 2014

ХРОНИКА

25 мамыр

«КАТКО» ЖШС жұмыстан шығармайды
«Арева» француз атомдық компаниясындағы қиын қаржылық жағдай оның «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ бірлескен кәсіпорны – «КАТКО» ЖШС әсер етпейді. «Мен «Арева» топ-менеджментінен «КАТКО» қызметкерлерінің санын азайту жөнінде ешқандай тапсырма алған жоқпын, - деп хабарлады «КАТКО» ЖШС бас директоры – Жерар Фриес. Компанияда «КАТКО» 2015 жылға қызметкерлерді қабылдауды шектей отырып, басқа ұйымдардағы кейбір позицияларын қайта қарайтындығын және олардың кейбірін «КАТКО» штатына ауыстыратындығын нақтылады. Қазіргі уақытта ЖШС-те 1 235 адам жұмыс істейді, олардың 98 % – Қазақстан азаматтары.

Эксперт Казахстан

26 мамыр

Әлеуметтік әріптестік

ОҚО Созақ қаласының әкімі А.Аймурзаев және қазақстандық-канадалық біріккен кәсіпорын «Инкай» басшысы Дэррил Кларк ауданның әлеуметтік саласының дамуы сұрақтарын талқылады. Дэррил Кларк «Инкай» кәсіпорнының Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саясатын белсенді қолдайтындығын атап өтті. Аудан әкімі өз кезегінде жергілікті бизнеспен өзара пайдалы ынтымақтастыққа дайын екендігін айтты, өзгертулерді қажет ететін сұрақтарды және жақсы тоғыстырылған әлеуметтік бағдарламаларды анықтады. Атап айтсақ, бұл төтенше жағдайлармен; ардагерлер, мүгедектер және балалар үй-интернаттары қоғамдық ұйымдарына демеу көрсетумен; мәдени жобаларды, спорттық және білім беру бағдарламаларын іске асырумен; ауданның заманауи әлеуметтік инфрақұрылымын құрумен байланысты және т.б. шаралар болуы мүмкін.

КАЗИНФОРМ

27 мамыр

Сәулелік терапия ғылыми сұрақтары

Астанада «Жоғары технологиялы сәулелік терапия көкейкесті сұрақтары» тақырыбында екі күндік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жоғары білікті және танымал сарапшылардың баяндамаларынан басқа жұмыс станцияларында дозиметриялық жоспарлау бойынша тәжірибелік сабақтар жүргізілді, олардың барысында ісіктерді сәулелендіруді жоспарлаудың бірнеше клиникалық мысалдары қарастырылды. Шақырылған лекторлар нақты клиникалық мысалдарды талқылады. Конференцияның басты мақсаты – республика медициналық қызметкерлерін мемлекет сатып алған заманауи жоғары технологиялық сәулелік терапия аппараттарын іс жүзінде қолдануға үйрету.

bnews.kz

ХРОНИКА

25 мая

ТОО «КАТКО» не увольняет

Сложная финансовая ситуация во французской атомной компании «Арева» не повлияет на ТОО «Катко», ее СП с «Казатомпромом». «Я не получал никаких запросов от топ-менеджмента «Аревы» относительно уменьшения численности сотрудников «Катко», — заявил гендиректор ТОО «Катко» Жерар Фриес. В компании уточнили, что «Катко» пересмотрит некоторые позиции, занимаемые сторонними организациями, и переведет несколько из них в штат «Катко», ограничив набор персонала в 2015 году. В настоящее время в ТОО работают 1 235 человек, более 98 % из них — граждане Казахстана.

Эксперт Казахстан

26 мая

Социальное партнерство

Аким Созақский района ЮКО А.Аймурзаев и глава казахстанско-канадского СП «Инкай» Дэррил Кларк обсудили вопросы развития социальной сферы региона. Д. Кларк отметил, что «Инкай» поддерживает активную политику социальной ответственности бизнеса в РК. Аким района в свою очередь также выразил готовность к развитию взаимовыгодного сотрудничества с местным бизнесом и обозначил вопросы, нуждающиеся в изменении и хорошо сфокусированных соц. программах. В частности, это могут быть мероприятия, связанные с чрезвычайными ситуациями, оказание поддержки общественным организациям ветеранов, инвалидов и детским домам-интернатам, реализация культурных проектов, спортивных и образовательных программ, формирование современной социальной инфраструктуры региона и др.

КАЗИНФОРМ

27 мая

Научные вопросы лучевой терапии

В Астане прошла 2-дневная Международная научно-практическая конференция на тему «Актуальные вопросы высокотехнологичной лучевой терапии». Кроме докладов высококвалифицированных и признанных экспертов были проведены практические занятия по дозиметрическому планированию на рабочих станциях, в ходе которых рассмотрены несколько клинических примеров планирования облучения опухолей. Приглашенные лекторы обсудили реальные клинические примеры. Главная цель конференции — обучение медицинского персонала республики применению на практике закупленных государством современных высокотехнологичных аппаратов лучевой терапии.

bnews.kz

CHRONICLE

25 may

«KATCO» LLP holds positions of employment

Complicated financial situation embraced French nuclear company «Areva» will not affect «KATCO» LLP its Joint Venture with Kazatomprom. I have not received any requests from Areva top management regarding decrease in the number of our employees», - Director-General of «KATCO» LLP Gerard Fries said. They clarified that KATCO reconsiders some positions held by third organizations and will re-appoint some of them in KATCO by limiting recruitment in 2015. Currently 1 235 employees are working for KATCO more than 98 % of them are Kazakhstani citizens.

Expert Kazakhstan

26 may

Social partnership

Major of Sozaksy district of Southern-Kazakhstan region Mr. Aymurzaev and Head of Kazakhstani-Canadian joint venture Inkay Darryl Clark discussed development of social sphere of the region. Darryl Clark noted that Inkay Company supports an active policy of corporate social responsibility in Kazakhstan. Major of the district, in turn, expressed readiness to develop mutually beneficial cooperation with local businesses and outlined the issues that needed to change and well-targeted social programs. In particular, it may be activities related to emergencies, support public organizations of veterans, the disabled and children's homes, boarding schools, the implementation of cultural projects, sports and educational programs, formation of modern social infrastructure in the region, etc.

KAZINFORM

27 may

Scientific area of radiotherapy

Astana hosted a two-day international scientific-practical conference on Actual issues of high-tech radiation therapy. In addition to reports of highly qualified and recognized experts some workshops took place for dosimetric planning at workstations discussing clinical examples of planning irradiation of tumors. Invited speakers reviewed actual clinical examples.

The main objective of the conference is to train medical personnel of Kazakhstan on practical application of modern high-tech state-purchased radiotherapy devices.

bnews.kz

ЭФФЕКТИВНОСТЬ РВР НА МЕСТОРОЖДЕНИЯХ УРАНА В РК НА ПРИМЕРЕ МЕСТОРОЖДЕНИЙ СЕВЕРНЫЙ И ЮЖНЫЙ КАРАМУРУН

Байназаров Б.Р.¹, Шарф И.В.¹, Третьяков С.Ю.²

1. ФГАОУ ВО «НИ ТПУ» Томск, Россия
2. ТОО «РУ-6», п. Шиели, Казахстан

История месторождений Северный и Южный Карамурун (далее Камарун) в Республике Казахстан насчитывает более 30 лет эксплуатации, и в настоящий момент обработанность месторождения составляет более 63 %. Наиболее продуктивные залежи урана уже вскрыты, и с каждым годом увеличивается доля блоков с меньшей продуктивностью, более сложной морфологией залежей урана и блоков с содержанием карбонатов рудовмещающих пород более 1 %. Не освоенными остаются блоки, которые расположены на периферии месторождения и сложны в отработку.

Продуктивность вскрываемых блоков снизилась за время эксплуатации с 8 кг/м² до 1,8 ... 3,2 кг/м². Так 2013 году продуктивность вскрываемых и вовлекаемых в добычу блоков составляла в среднем 3,4 кг/м². Как следствие наблюдается снижение содержания урана в продуктивном растворе (ПР). В 2013 году среднегодовое содержание урана в ПР составило 40,4 мг/л при добыче 1 000 т, что ниже планового значения 40,9 мг/л.

На месторождении Карамурун процесс добычи урана осуществляется способом подземного скважинного выщелачивания, который осложняется целым рядом производственно-геологических факторов, таких как:

- добыча урана с глубин 500-700 м;
- уровень подземных вод – 10-15 м;
- присутствие в рудном горизонте значительного количества мелкозернистого песка переходящего в пылеватую форму;
- наличие промежуточных рваных водоупоров;
- наличие блоков с содержанием карбонатов в рудовмещающих породах до 1,8 % (при среднем содержании карбонатов по месторождению 0,5 %);
- невыдержанность (струйность и линзовидность) самих рудных тел.

Кроме того, эксплуатация скважин для добычи урана сопряжена с рядом факторов затрудняющих темпы добычи продуктивных растворов и подачи выщелачивающих растворов в рудоносные горизонты.

THE EFFECTIVENESS OF REPAIR AND RENEWAL OPERATIONS AT KAZAKHSTANI URANIUM DEPOSITS BY THE EXAMPLE OF NORTHERN AND SOUTHERN KARAMURUN DEPOSITS

B.R. Bainazarov¹, I.V. Sharf¹, S.Yu. Tretiyakov²¹TPU, Tomsk, Russian Federation²«RU-6» LPP, Shieli district, Kazakhstan

Historically Northern and Southern Karamurun deposits (hereinafter Karamurun) have been exploited in Republic of Kazakhstan over 30 years and currently are being developed more than 63 %. The most productive uranium deposits have been already drilled in but low-productive and complicated-in-structure blocks as well as blocks containing ore-hosting carbonate exceeding 1% have become larger from year to year. Just the blocks located on the periphery of the deposit and which are complicated to develop have not been drilled in yet.

Productivity of shut-in blocks was decreased through operation from 8 kg/m² to 1.8 ... 3.2 kg/m². So, in 2013 the productivity of tapped and used-in-production blocks was equal to 3.4 kg/m². That caused decrease in uranium content in pregnant solution (PS). In 2013 annual average content of uranium in PR was 40.4 mg/l while extracting of 1,000 tons that is below the planned value equal to 40.9 mg/l.

In-situ leaching (ISL) is applied at Karamurun for uranium mining which is complicated by a number of production and geological obstacles such as:

- uranium mining at depth of 500-700 meters;
- groundwater level - 10-15 meters;
- great amount of fine sand transferring to dust in ore horizons;
- intermediate permeability barriers;
- blocks containing carbonates in ore-bearing rocks to 1.8 % (with an average carbonate content 0.5 % per deposit);
- unevenness (fluidity and lenticularity) of the ore bodies.

What's more, maintenance of uranium wells is associated with a number of factors impede the pace of pregnant solutions production supply of leaching solutions (LS) into the ore-bearing horizons. One of those is a so-called effect of chemical and mechanical mudding of in-filter zone and the filter of extraction well. Altogether leads to increase of exploited wells and extra operational costs and consequently growing on the cost of 1 kg of uranium.

Одним из таких факторов являются так называемые эффекты химической и механической кольматации прифилтровой зоны и фильтра откачной скважины. Все это приводит к увеличению парка эксплуатируемых скважин и затрат на текущую эксплуатацию, а следовательно к увеличению себестоимости 1 кг урана.

Для решения выше перечисленных проблем при добыче урана способом подземного скважинного выщелачивания применяются ремонтно-восстановительные работы (РВР) в откачных и закачных скважинах для удаления кольматации в фильтре и прифилтровой зоне скважин.

Все виды РВР условно можно разделить по характеру действия на механические, химические и комбинированные. К РВР с механическим воздействием относятся РВР с использованием установок 1БА-15В и ПМУОС. К химическим РВР относятся реагентные обработки фильтра скважины и прифилтровой зоны.

Целью нашего исследования является сравнение экономической эффективности применения различных видов РВР, которые отличаются характером воздействия на проблемные зоны скважин.

РВР с механическим воздействием

Самоходная буровая установка (1БА-15В) применяется для проведения РВР в технологических скважинах в случаях, когда другие методы восстановления производительности скважин не дали требуемых результатов.

Техническое оснащение буровых агрегатов позволяет осуществлять следующие методы восстановления производительности [6]:

- промывка фильтровой колонны и отстойника от песчаных пробок;
- реагентная обработка фильтра скважины;
- гидродинамическое разрушение кольматанта методом «свабирования»;
- ремонт (замена) фильтровой колонны;
- удаление из ствола скважины инородных объектов препятствующих её нормальной работоспособности.

Таблица № 1. Расчет стоимости видов РВР

Table 1. RROs Cost Estimate

Затраты на 1 скважину* Expenditures per 1 well*	Ед. изм. UOM	Обработка установкой ПМУОС PMUOS treatment	Промывка скважины 1БА-15В Well washing-out by 1BA-15V	Передвижная химическая обработка Mobile chemical treatment	Химическая обработка БФА 0,5% HF Chemical treatment NH ₄ F 0,5%	Стационарная химическая обработка Steady-state chemical treatment
	тенге / KZT	64 717	127 305	16 953	80 724	13 993

*Расчет стоимости производился на основе суммирования затрат на ГСМ, зарплату операторов, налоговые отчисления и работа вспомогательной техники (растворовоз).

To solve the above problems taking place while uranium mining by in-situ leaching the repair and renewal operations (RRO) are widely implemented in injection and extraction wells to remove the mud-ding inside of the filter and in the near-filter zone of the wells.

The PROs can be divided in mechanical, chemical and combined operations. Mechanical PROs are using 1BA-15V and PMUOS installations. Reactant treatment of the filter itself and near-filter zone is a part of chemical PROs.

The aim of our study is to compare the cost-effectiveness of different PROs differing in their impact on troubled wells.

Mechanical PROs

